




8-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Әділеттілік принципі





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Әділеттілік принципі

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Саяси жауапкершілік пен әділеттілік.

Егер де сіз әлемнің кей түкпірлерінде саяси байланыстардың ерікті келісім немесе өзара уәдеге негізделетінін уағыздайтын болсаңыз, егер достарыңыз мұндай сандырақтарыңыз үшін есінен жаңылды деп, сізді қамап қоймаса, көп ұзамай сот төрешісі сізді бүлікші деп айыптап, бойсұнуды әлсіреткеніңіз үшін түрмеге жабар еді.

Дэвид Юм, 'Бастапқы келісімнен', [1748], 470

Дж.Вулф «Адамдардың мемлекетпен келісіп-келіспейтініне карамастан, олардың мемлекет беретін артықшылықтарды пайдалануы, бірақ оларды қалыптастыруда өздеріне ешқандай салмақ салмауы әділетсіз болып көрінуі мүмкін. Осылайша, мемлекет беретін артықшылықтарын пайдаланатын кез-келген адам, оның заңдарына бағынуға, салық төлеп тұруға және т. б. міндетті артылатынын айтылады».

Осы көзқарастың негізінде жатқан принципті құқық философиясы мен теориясының маманы Г.Л.А.Харт ГЕРБЕРТ ХАРТ (1907–1992) нақты тұжырымдаған болатын, ол мұны мына терминдермен тұжырымдаған:

Егер, белгілі бір адамдар саны ортақ кәсіпорынның жұмысын бірлесіп, ережелерге бағына отырып, жүргізсе, соған сәйкес олардың еркіндігін шектесе, онда осы шектеулерге көнгендер бұдан пайда көріп отырғандардан, қажет болған жағдайда, дәл осындай мойынсұну мен бағынуды талап ете алады («Are There Any Natural Rights?», В. J. Waldron, ed., Theories of Rights ([1955], Оксфорд: Оксфорд университетінің басылымы, 1984) 85)

Герберт Харт бұл принципті үнсіз келісім доктринасының «рационалды ядросы» деп санайды. Жеңілдіктерді пайдалану шын мәнінде, сізді мемлекетпен байланыстырады, бірақ бұл үнсіз келісімнің тәсілі емес. Негізінен, аргументтің мәні мынада - егер сіз өзіңізге түсетін салмақты көтеруге дайын емес болсаңыз, мемлекет беретін жеңілдіктердің жемісін жеуіңіз әділетсіз болмақ. Әрине, бұл жердегі пайда дегеніміз - мәжбүрлі заңдар жүйесі басқаратын қоғамдағы қауіпсіз өмір мен тұрақты жағдай. Саяси жауапкершіліктің сәйкесінше ауыртпалығы да болады. Әдетте бұл принцип барда ішімдік немесе сусын сатып алуда қолданылады. Егер үш досыңыздың әрқайсысы төртеуіңізге арнап ішімдік сатып алса, бірақ сіз үшіншісін ішіп бола салысымен үйге қайтпақ болсаңыз, олар өздерін жәбірленгендей сезінуі мүмкін.

Егер біз Харт принципі қабылдап, әркім мемлекеттен пайда көретінін мойындасақ, онда әрқайсымыздың өз еліміздің заңдарына бағынуымыз әділ болмақ. Егер біз заңдардан пайдасын көретін болсақ, оларды пайдаланып, одан соң, өз ыңғайымызға қарай бұзуымыз әділетсіз болмақ.

Ақыл «құмарлықтың құлы».

Мемлекет бар болса, барлық адам үшін пайдалы екенін нақты көрсетуге бола ма? Мүмкін, Гоббстың ТОМАС ГОББС (1588–1679) адамдарды сендіру үшін бұлгартпас дәлел бола алар. Дегенмен, бұл тұжырымды дәлелдеу үшін Юм да әрекет етіп көрді, бірақ ол «әділеттіліктің теоретигі» емес еді.

Біз барлық адам шынында да мемлекеттің игіліктерін пайдаланады деген пікірді жақтау үшін оның кейбір аргументтерін пайдалана аламыз. Юмның алғашқы қадамы - жеке меншік пен жеке қауіпсіздікті реттейтін ережелер сынды әділдік нормалары арқылы басқарылатын қоғамда өмір сүретін болсақ, әрқайсымыз үшін пайдалы болатынын деген тұжырымды дәлелдеу еді. Әрине, қысқа мерзімді перспектива құрбандықсыз болмас, бірақ ұзақ мерзімді перспективада әділдік өзін-өзі ақтай алады. Біздің барлығымыз заңға бағынсақ қана, әділдік орнайтындықтан, шынтуайтына келгенде, заңға бағыну әр адамның жеке мүддесіне сай келеді.

Бірақ Заңға бағыну әрқайсымыздың мүддемізге сай келеді деу дұрыс па? Егер бұлай болса, Юм өзі атап өткендей, бізді жазалаумен қорқытып, мойынсұнуға мәжбүрлеу керек деген ой мүмкін емес болып көрінеді. Егер заңның талабын орындау біздің мүддемізге сай келсе, мұны істеуге мәжбүрлеу үшін заңның қажеті бар ма?

Юмның жауабы, адамдар рационалды әрекет ете алмайды дегенге саяды. Айталық, біздің алдымызда мынадай таңдау түр: кішігірім ұтыс алу үшін белгілі бір жолмен әрекет етуіміз керек, ал ұзақ мерзімді перспективада одан да қомақты ұтыс алу үшін басқа тәсілге көшу керек. Шындығында екінші жол біз үшін әлдеқайда тиімді болғанымен, Юмның пікірінше, таңдау өзімізге берілсе, әдетте, біз екінші жолды таңдаймыз:

Екінші объектінің біріншіден артықшылығына көзіміз жетіп тұрса да, біз осы пікірге сүйеніп әрекет ете алмаймыз, керісінше, құмарлықтарымыздың жетегінде кетіп, тезірек қол жеткізуге болатын әрі жақынырақ нәрсені таңдаймыз.

Осы себептен де адамдар өздерінің белгілі мүдделеріне қарсы әрекет етеді, атап айтқанда, әділдіктің



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Әділеттілік принципі

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

сақталуына байланысты көрінетін қоғамдық тәртіпке бағыну секілді түкке тұрғысыз артықшылықтарды таңдайды. (Адам табиғаты туралы Трактат, баспа. Л. А. SelbyBigge, ([1739-40], 2-ші басылым Оксфорд: Oxford University Press, 1978), 535)

Юмның пікірінше, заңға бағыну біздің мүддемізге сай келсе де, оның пайдасын көрі үшін өте ұзақ уақыт керек, сондықтан біз заңға бойұсынбай, содан келетін азғантай пайданы таңдағанды жөн санаймыз. Юм егер әрқайсымыз өзіміздің қысқа мерзімді мүддемізді көздеуден аса алмай, әділетсіздікке жол берсек, біздің сорымызға қарай, қоғам құрдымға кетеді деп санайды. Сондықтан ақыл бізге ұзақ мерзімді пайданы көздеп, заңға бағыну керектігін ескертеді. Алайда, Юм біздің әрқайсымызға ақылымыз осыны айтқанмен, іс-қимылға көшуге ынталандыру үшін бір ғана ақылдың жеткіліксіз деген ойда. Юм ақылды «құмарлықтың құлы» деп есептейді. Біздің иррационалды құмарлықтарымыз, тез қанағат табуға деген ұмтылысымыз біздің рационалды пікірлерімізді тез еңсере алады. Сонымен, Юмның пікірінше, «біздің табиғатымыздағы материалдық нәрсеге өзгеріс енгізу немесе түзету мүмкін емес, мұндайда біздің қолымыздан келетіні, жай-күйіміз бен өз жағдайымызды өзгертіп, әділеттілік заңдарын өз мүддемізге айналдыру» (Адам табиғаты туралы түсінік, 537). Басқаша айтқанда, әділеттілік заңдарын сақтау өз мүдделерімізге тікелей ықпал ететін жолын табуымыз керек. Заңға бағына отырып, ұзақ мерзімге арналған өз мүдделерімізді де іске асырудың жалғыз жолы - осы.

Осылайша Юм заңдарды қабылдауға және жазамен қорқыту арқылы олардың сақталуын қадағалауға құқылы магистраттар жүйесін құруымыз керек деп санайды. Заңға бағыну - біздің ұзақ мерзімді артықшылығымыз, ал заңды бұзған адамдарды жазалау мәселесі заңға бағынуды біздің қысқа мерзімді мүддемізге айналдырады. Бізді заңға бағынуға мәжбүрлеген дұрыс - және біз мұны құптауымыз керек - өйткені ақыл адам мотивациясының көзі ретінде тым қауқарсыз. Біз өзіміздің рационалды мүддемізге сай әрекет етуге мәжбүр болуға тиіспіз.

Юмның осы аргументті айтудағы мақсаты - үкіметтің артықшылықтарын түсіндіре отырып, біздің келісіміміз арқылы негізделмесе де, оны неліктен қабылдауға дайын екенімізді ұғындыру. Біздің бағынуға қандай да бір моральдық міндеттемеміз бар деген тұжырым келесі қадам болып саналады, дегенмен, Юм мұны жасауға ұмтылмады. Бірақ Харт секілді әділдік теоретиктері Юмнан да асып түсуге тырысады. Мемлекет бар болса, оның пайдасын бәріміз көреміз. Оның жақсылықтарын көріп, бірақ соларды қалыптастыру жолында өзіміз титтей де еңбек сіңірмесек, бұл - отандастарымызға қатысты әділетсіздік болмақ. Ал бұл ауыртпалық (салмақ) - саяси міндеттемелер екені белгілі. Сондықтан мемлекетке бағынуды шын ниетпен мойындауға міндеттіміз.

Бірақ бізде мұндай міндет бар ма? Егер біз өзіміз талап етпеген жеңілдіктерді пайдаланып отырсақ, ол үшін ақы төлеуіміз керек пе? Алдыңғы мысалға қайта оралайық, егер мен достарымнан сусын сатып алуларын өтінбесем, онда өз кезегімде бәріміз үшін сусын сатып алуға тиіспін бе? Айталық, мен о бастан ешкімге су сатып алатын ниетімнің жоқтығын ашық білдірдім. Сонда мен басқалар әперген сусынды тегін сыйлық ретінде қарастыруым керек пе?

Әділеттілік принципі келісім теориясының жалғасы

РОБЕРТ НОЗИК (1938–2002) «Анархия, мемлекет және утопия» еңбегінде (1974), өзі сұрап алмаған пайданы қайтаруға ешкімнің міндетті емес екенін айтады. Ол мынадай мысал келтіреді: сіздің ауданыңыздың басқа тұрғындары қоғаммен байланыс жасай алатын орын тауып, қоғамдық ойын-сауық жүйесін құруды шешті делік. Әр адамға хабар тарату үшін бір күн белгіленеді, осы күні ол адамдардың көңілін көтеру үшін пластинка ойнатады, қызықты оқиғалар айтады және т.б. нәрселер жасайды. Сіз басқалардың арқасында 137 күн бойы ойын-сауықтан ләззат алдыңыз, бірақ 138-күні кезек сізге келгенде, басқалардың көңілін көтеру үшін өз күніңізден бас тартуға міндеттісіз бе (анархия, мемлекет және утопия, 93)? Нозик мұны жасауға сіздің моральдық борышыңыз жоқ екенін айтады, бірақ бұл Харт айтқан әділдік принципінен келіп шығатын мәселе. Айналып келгенде, сіз көпшілік үшін ашылған дыбыстық жүйенің артықшылықтарын пайдаландыңыз, ал енді ауыртпалықты көтеріп, басқалар үшін бұған үлес қосу кезегі сізге де келді. Демек, әділдік принципіне сәйкес сіз де өз үлесіңізді қосуыңыз керек.

Неліктен Нозик сіздің мұндай міндетіңіз жоқ деп есептейді? Сіз жеңілдік сұрамадыңыз, бірақ сізге ұнаса да, ұнамаса да, оны сізге берді. Мүмкін, сіз ешқандай пайданың да, артық ауыртпалықтың да (салмақтың да) болғанын қаламайтын шығарсыз. Бірақ сіз қаласаңыз да, қаламасаңыз да, бағынуға міндеттісіз десек, бұл жағдай басқалардың сізге қажетсіз тауарын тықпалауға, одан соң, ақысын өтеуді талап етуге құқық береді, ал мұны әділетті деп айта алмаймыз.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Әділеттілік принципі

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Мүмкін, бұл қарсы пікірді теорияны жан-жақты баяндай отырып, қарастыруға болатын шығар. Өз үлесіңізді қосу үшін сіз шығындардан келетін пайданы (көріп қана қоймай) қабылдаған жағдайда ғана сізге әділдік міндеті жүктеледі. Қоғамдық хабар тарату жүйесін қарастырсақ, сіз жалпы схеманы қабылдасаңыз ғана күні бойы анекдот айту міндетін өз мойныңызға аласыз. Пайданы көріп, бірақ өз үлесін қосудағы міндетінен қашатын адам эксплуататор немесе фрирайдер болғандықтан оларды ақы төлеуге мәжбүрлеу әділетсіз болмақ. Бұл принцип осы мәселені ескеру үшін өзгертілсе, онда орындауға міндетті міндеттемелер қалыптастырады. Пайданы көріп (жеңілдіктерді пайдаланып), бірақ ақы төлеуден бас тарту әділетсіз болады.

Алайда, принцип осылайша өзгерісімен, тағы бір қиындық туындайды. Мәселе мынада: егер біз өз қалауымызбен көрген пайда бізге міндеттеме жүктейтін болса, онда өз қалауымызбен көрген пайданы жай ғана кездейсоқ көрген пайдадан ажырата білу қажет болады. Бірақ мемлекет ұсынатын игіліктерді қабылдау мәселесі қалай болмақ? Айналып келгенде, біз олардан қалай бас тарта аламыз? Біз қаласақ та, қаламасақ та, бұл игіліктердің барлығын немесе басым бөлігін пайдаланамыз. Басқаша айтқанда, (айқындалмаған) үнсіз келісім теориясын қарастырған кезде кездескен проблемалар осы жерде тағы алдымыздан шығады. Бізге артықшылықтарды автоматты түрде берілетіндей болып қалыптасқан мәселені қалай тоқтатуға болады? Егер біз бұл мәселені пайданы қабыл алу дегеннің не екеніне қатысты орынды есеп бере отырып, шеше алсақ, кей адамдар—анархистер, мүмкін басқалары да пайда көруден бас тартуы мүмкін. Олар тіпті Юмның және басқалардың мемлекеттің артықшылықтары туралы аргументтерін бағаласа да, бәрібір басқа қиындықтарды көреді, сондықтан ешбір пайда көргісі келмейді және ешбір саяси міндеттеме алғысы келмейді. Осылайша, олар мемлекетке қатысты ешқандай әділдік міндетін алмайды да, орындамайды да. Демек, осы түсінікке сүйенсек, Әділеттілік принципі келісімге негізделген аргументтер мәселесіндегі сияқты бағынуға қатысты жалпы міндеттерді орындай алмайды. Харттың пайда көруге қатысты білдірген бастапқы көзқарасы тұрғысынан қарастырсақ қана бұл мүмкін болмақ. Бірақ, Нозиктің мысалы көрсеткендей, бұл мәселенің тудыратын салдары қиын болмақ. Мәселені осылай қысқаша қарастырып өту әділеттілік принципі келісім теориясының жақсартылған үлгісі болса да, саяси міндеттемелер проблемасын шеше алмайды.

Нозик пікірінше Адам құқығын бұзбайтын, қызметі ұрлықтан, алаяқтықтан немесе озбырлықтан қорғау функциясымен ғана шектелген «минималды мемлекет» болуы ғана ақталуы мүмкін. Тауарлардың бөлінуі тегін алмасу және өзара келісім арқылы жүзеге асуы тиіс. Нозик өз теориясында Иммануэль Канттың «категориялық императив» тұжырымдарының біріне сілтеме жасап, адамдарға құрал ретінде емес, мақсат ретінде қаралуы керек екендігін айтады.

Нозик Джон Ролздың «Әділдік теориясының» «Әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктер қоғамның ең аз дамыған мүшелеріне көбірек қол жетімді болу керек» деген «екінші әділдік қағидатының» қорытындысына ішінара шағымданды.

Сонымен қатар, Локктың және қазіргі заманғы капитализ идеясына бағдарланған авторлардың көбісі қолдайтын «ажырамас құқықтар идеясы» да жоққа шығарады. Өзінің «Анархияда, Мемлекет және Утопия» еңбегінде Нозик «еркін жүйенің» жалпы идеясы ересектер ерікті түрде одақтарға кіруге және ерікті келісімшарттар жасауға мүмкіндік беретіні туралы жазады.

Қорытынды

Біз саяси міндеттемелердің пайдасын көрсететін аргументтерді қарастырдық, бірақ олар жеткіліксіз сияқты. Келісім-шарт дәстүрі шеңберіндегі волонтаристік қарсылықтар келісуден бас тартатындардың міндеттемелерін түсіндіре алмайды. Утилитарлық аргументтердің салдарлары өте қолайсыз болуы мүмкін, өйткені олар жоқ дегенде, жазықсыз жандарды құрбан етуге жол береді. Барлық адам мемлекеттің пайдалы жақтарын мойындағанда ғана әділдікке қатысты аргумент табысты болуы мүмкін, бірақ бұлай болуы екіталай. Бұл біздің саяси міндеттемелеріміздің жоқ екенін білдіре ме?

Біріншіден, бұл аргументтердің кейбірін жеке алғанда бағынудың жалпы міндеттерін көрсетпейтіндіктен, олардың кейбірінің шектеулі түрде табысты болатынын анықтап алған жөн. Парламент мүшелері сияқты жауапты қызметтер атқаратын адамдар, сондай-ақ натуралданған азаматтар (ерікті түрде азаматтықты қабылдаған) мемлекетті тікелей қабылдайды. Басқа адамдардың көпшілігі әділдікті сақтауға міндетті, өйткені адамдардың көпшілігі мемлекет ұсынатын артықшылықтарды қуана қабылдайды және жауапкершілікті орындауға мұның әділ бағасы ретінде қарайды. Егер утилитарлық пайымдаулар (жарамды) қолайлы деп танылса, мемлекетті толықтай ақтап алуға да болады. Бірақ егер утилитаризмді



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Әділеттілік принципі

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

теріске шығарған күннің өзінде, басқа кез-келген аргумент қолайлы моральдық негізден бастау алса, онда қазіргі қоғамдардың көпшілігіндегі адамдардың басым бөлігіне саяси жауапкершілік жүктеледі. Салыстырмалы түрде аз ғана адам бұдан құтыла алады.

Ал мұның салдарлары қандай болмақ? Бірде-бір мемлекет өз аумағында тұратын адамдардың кейбіріне саяси жауапкершілік жүктелмейтініне қанағаттана қоймайды. Біріншіден, саяси жауапкершіліктері бар адамдарды мұндай жауапкершілігі жоқтардан бөліп қарастыру - мемлекеттік қызметкерге іс жүзінде көп қиындық туғызады, әсіресе, осы қиындықтарды пайдаланған кейбір адамдар өзін саяси жауапкершілікті мойындамайтын топ мүшесі ретінде көрсеткісі келсе, мәселе тіпті шиеленіседі. Мемлекет теориялық жағынан кейбір адамдардың саяси жауапкершіліктен жалтаратынын мойындауға әзір болса да, іс жүзінде бұған көз жұма қарап, барлық адамға ортақ әмбебап саяси жауапкершілік бар секілді әрекет етуге мәжбүр болады. Әрине, ол кейбіреулерді саяси жауапкершіліктен босата алады, бірақ мұны тек ерекше жағдайда, нақты бір мәселелерге қатысты ғана жасайды. Мемлекеттік көмектен үзілді-кесілді бас тартатын монахтар мен кейбір топтарды салықтан босатуы мүмкін, ал белгілі бір топтарға жататын адамдар міндетті әскери қызметтен босатылады. Бірақ бірде-бір топ саяси жауапкершіліктердің барлығынан бас тарта алмайды.

Алайда, мемлекет теорияны іс жүзіне асырып, өз аумағында тұратын кейбір адамдардың өміріне араласуға өкілеттігі жоқ екенін мойындайды дейк. Бұл мәселе бізге қиындық туғыза ма? Міндетті түрде емес. Кейбір адамдардың саяси жауапкершіліктен жалтарса да, бұл оған басқаларға зиянын тигізуге құқық бермейді. Бұл адамдар үшін әлі де болса, моральдық жауапкершіліктердің жиынтығы бар. Сонымен қатар, Локктың пікірінше, үкімет болмаған күннің өзінде кез-келген адамның моральдық заңды қолдануға құқы бар. Осылайша егер үкімет шын мәнінде бар болса, өзін мемлекеттің бір бөлігі деп санайтындар бізге тәуелсіз адамдар қауіп төндіргенде мемлекеттен қорған болуды сұрауы мүмкін. Жер құқығы өзін мемлекеттің бір бөлігі деп есептемейтін тәуелсіз адамдарға қатысты болмауы мүмкін, ал моральдық көзқарастардың басым бөлігі қорғану үшін өзімізге қолайлы құралдар мен тәсілдерді қолдануға құқық береді: бұл жағдайда мемлекеттің көмегімен қорғанамыз. Сондықтан кейбір тәуелсіз адамдардың болуы олардан қорғану үшін мемлекетті қолдана алмаймыз дегенді білдірмейді. Кейбір тәуелсіз адамдар болса да, біз жақсы өмір сүре аламыз. Елшілерге және басқа да дипломатиялық иммунитеті бар адамдарға қатысты мысалды қарастырайық. Белгілі бір дәрежеде оларға өздері тұратын мемлекеттің билігі жүрмейді. Бірақ бұл мәселе мемлекет агенттері мұндай дипломаттарға өз білгендерін істеуіне жол беруі керек дегенді білдірмейді. Сауда орталығында дипломат қолындағы балтаны оңды-солды сілтеп, өзгелерге қауіп төндірсе, біздің бір-біріміздің әрекетімізге тыйым салғанымыз секілді, полиция да оны ұстап, қаруын (балтаны) тартып ала алады. Қалай болғанда да, біз қорғану үшін артық күш немесе заңды жаза қолдана алмаймыз, жоқ дегенде оны қолдану үшін өкілеттік қажет.

Бірақ, әрине, бірде-бір мемлекет өз аумағында тұратын адамдардың саяси жауапкершіліктен жалтаруына келісім бермейді. Дипломатиялық иммунитет - халықаралық конвенциялармен реттелетін ерекше жағдай. Мемлекет кей кездері заңсыз әрекет етсе де, заң барлық адамға қатысты қолданылады. Бірақ, мемлекет осындай заңсыз әрекетті өз азаматтарының басым бөлігінің келісімімен жасайды.